

"Арқалық қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 2015 жылғы 5 мамырдағы № 243 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 12 маусымда № 5659 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 2016 жылғы 16 мамырдағы № 27 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 16.05.2016 № 27 шешімімен (қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдының үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығына сәйкес, Арқалық қалалық мәслихаты **ШЕШІМ**

ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған "Арқалық қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кезектен тыс сессия төрагасы,

Арқалық қалалық мәслихатының

Хатшысы

H. Шалдыбаев

Мәслихатының
2015 жылғы 5 мамырдағы
№ 243 шешімімен бекітілген

"Арқалық қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. "Арқалық қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі Арқалық қалалық мәслихатын ұйымдастырушылық, құқықтық, материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз етуді жүзеге асыратын, депутаттарға олардың өкілеттіктерін жүзеге асыруға көмек көрсететін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
2. "Арқалық қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің

ведомстволары жоқ.

3. "Арқалық қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Арқалық қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Арқалық қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Арқалық қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттілік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуга құқығы бар.

7. "Арқалық қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен қалалық мәслихат хатшысының өкімдерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды .

8. "Арқалық қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. "Арқалық қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, индексі 110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы, Абай даңғылы, 29.

10. Мемлекеттік органдың толық атауы – "Арқалық қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Арқалық қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Арқалық қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады.

13. "Арқалық қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен мемлекеттік мекеменің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Арқалық қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе,

онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Миссиясы: Арқалық қалалық мәслихатының және депутаттардың қызметін қамтамасыз ету.

15. Міндеттері:

1) азаматтар мен ұйымдардың Қазақстан Республикасы Конституциясының, нормаларын Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі актілерінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің орындауына жәрдемдесу.

16. Функциялары:

1) "Арқалық қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі мәслихат пен оның органдарының қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық, депутаттарға өздерінің екілеттіктерін жүзеге асыруға көмек көрсетуді қамтамасыз етеді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған өзге де функцияларын жүзеге асырады.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) жеке және заңды тұлғалармен азаматтық-құқықтық қатынасқа түсуге, шарт жасасуға және қолданыстағы заңнамаға қайшы келмейтін өзге де қызметті жүзеге асыруға;

2) аудан аумағында орналаскан ұйымдардың басшылары мен өзге де лауазымды адамдардан мәслихаттың жүргізуіне қатысы мәселелер бойынша ақпараттар, ауызша және жазбаша түсініктемелер сұрауға және алуға;

3) мемлекеттік, мемлекеттік емес органдармен және ұйымдармен қалалық мәслихатының аппаратына жүргізуге қатысты мәселелер бойынша қызметтік хат жазысуға;

4) Арқалық қалалық мәслихатының және оның органдарының отырыстарына қатысуға;

5) қалалық мәслихат хатшысының, мәслихат аппараты басшысының тапсырмасы бойынша мемлекеттік органдардың қызметшілерін, жергілікті бюджеттен және коммуналдық кесіпорындардан қаржыландырылатын өзге де мемлекеттік мекемелердің қызметкерлерін, сессияларда және тұрақты комиссияларда қарау үшін мәселелерді дайындауға, сондай-ақ мемлекеттік мекеменің құзыретіне қатысты проблемалық мәселелерді шешу және зерделеуге

тартуға құқығы бар;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалған өзге де құқықтары мен міндеттер.

3. Мемлекеттік органның қызметін үйлемдастыру

18. "Арқалық қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесіне басшылықты мемлекеттік органға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы – Арқалық қалалық мәслихатының хатшысы жүзеге асырады.

19. Арқалық қалалық мәслихатының хатшысы мәслихат сессиясында депутаттардың арасынан ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен сайланады және қызметінен босатылады.

20. Арқалық қалалық мәслихаты хатшысының орынбасарлары болмайды.

21. Арқалық қалалық мәслихаты хатшысының өкілеттігі:

1) мәслихат сессиясын және оның қарауына енгізілетін мәселелерді өзірлеуді үйлемдастырады, хаттама жасалуын қамтамасыз етеді және сессия төрағасымен бірге мәслихат сессиясында қабылданған немесе бекітілген шешімдерге, өзге де құжаттарға қол қояды;

2) мәслихат депутаттарының өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына жәрдемдеседі, оларды қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді, депутаттарды мәслихат сессияларына, оның тұрақты комиссияларының және өзге де органдарының жұмысына және сайлау округтеріндегі жұмысқа қатысуы үшін қызметтік міндеттерін орындаудан босатуға байланысты мәселелерді қарайды;

3) депутаттар сауалдарының және депутаттық өтініштердің қаралуын бақылайды;

4) мәслихат аппаратының қызметіне басшылық жасайды, оның қызметшілерін қызметке тағайындейды және қызметтен босатады;

5) сайлаушылар өтініштері туралы және олар бойынша қабылданған шаралар туралы мәслихатқа ұдайы ақпарат беріп отырады;

6) мәслихаттың өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимылын үйлемдастырады;

7) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өкімдер шығарады;

8) мәслихаттың тұрақты комиссиялары мен өзге де органдарының және депутаттық топтардың қызметін үйлестіреді;

9) мемлекеттік органдармен, үйымдармен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен және қоғамдық бірлестіктермен қарым-қатынастарда мәслихат атынан өкіл болады;

10) мәслихат шешімдерінің жариялануын қамтамасыз етеді, олардың орындалуына бақылау жасау жөніндегі іс-шараларды белгілейді;

11) "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қарауындағы тұлғалардың сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимылы үшін дербес жауапты болады және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шаралар қабылдайды;

12) мәслихат шешімі бойынша өзге де міндеттерді орындаиды.

Арқалық қалалық мәслихатының хатшысы болмаған кезде оның өкілеттігін мәслихат сессиясы төрағасының шешімі бойынша мәслихат тұрақты комиссияларының бірінің төрағасы немесе мәслихат депутаты уақытша жүзеге асырады.

22. "Арқалық қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекеменің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын қалалық мәслихаттың аппарат басшысы басқарады.

23. Қалалық мәслихаттың өкілеттік мерзімінің аяқталуымен, қалалық мәслихат өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған және оның депутаттарының жана құрамы сайланған жағдайларда, "Арқалық қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік қызметшілерінің қызметі тоқтатылмайды.

4. Мемлекеттік органдың мүлкі

24. "Арқалық қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Арқалық қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алғанған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. "Арқалық қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

26. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Арқалық қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

27. "Арқалық қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК